

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = **Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития».** - 2018. – Т.1, Ч.2. - Б. 294-297.

ЖАПОН, ТЕХАС БӨДЕНЕЛЕРІН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БУДАНДАРЫН ӨСІРУ

*Айтқазы А.Д, магистрант,
Нарбаев С. а.ш.ғ.к., қау.профессор*

Бөдене (*Coturnix coturnix*) — тауықтәрізділер отряды, қырғауылдар тұқымдастарына жататын, ақшыл жолақты дене тұрқы 20 см-дей ғана кішкене құс. Оның салмағы 80 — 150 г шамасында болады. Бөдене жұмыртқасы – бұл денсаулыққа пайдалы, аса құнды емдік өнім болып табылады. Ол қанды тазартады, қан қысымын реттейді, гемоглобинді көтереді, организмнен радионуклидтерді тез шығарады, түрлі аллергиялық ауруларға және т.б. көптеген аурулар мен сырқаттарға ем болып табылады. Бөдене етінде түрлі витаминдер, ең маңызды құрамдық бөлігі ақ уыз, минералдық заттар, микроэлементтер ішінде темір мен мыс мөлшері артық, сол сияқты басқа да биологиялық белсенді заттар – фосфатидтер, ферменттер, холестерин бар. Бөдене еті деликатес және диеталық өнімдерге жатады. Бөдене етін пісіргенде оның құрамындағы холестерин мөлшері 20-23% кемиді [1, 2,].

Қазақстанда бөдене шаруашылығы ауылшаруашылық өндірісінің қазіргі таңда дамып келе жатқан жаңа саласы болғандықтан, елімізде үлкен бөденелік фермалар саны аз. Мамандардың пікірінше, бөденелік нарық Қазақстан мен ТМД елдерінде 20% ғана игерілген деп есептеледі, бірақ тұрғындардың бөдене өнімдеріне деген сұраныстарының артуы байқалады, оның ішінде бөдене жұмыртқасымен еті үлкен сұранысқа ие болып отыр, яғни бөдене шаруашылығының болашағы зор екендігі айқын [3].

Қазақстанда табиғи-экономикалық жағдайларға байланысты бөдене шаруашылығын нақтыланған өндірістік бағдарларда мамандандыру ұсынылады. Олар, тұқымдық шаруашылық, жұмыртқа өндіретін шаруашылық, ет өндіретін шаруашылық болып нақтыланған бағыттар ретінде қарастырылды [1].

Бөденелердің өсуі мен дамуы, анықталған биологиялық заңдылықтарға бағынады. Сондықтан, жас құстарды өсіру мақсатында ең алдымен олардың биологиялық ерекшеліктерін біліп, оларды күтіп ұстаудың тиімді жағдайларын жасау қажет. Балпандар жұмыртқадан толық жетілген болып шығады, яғни олардың денесінде терілік және мамық жамылғы болады, олар өзбетінше азықтарды өздері тауып жей алады. Балапандардың тұтастай қарқынды өсу процесін қауырсындарының өсуінен байқауға болады [4].

Бөденелерді өсіріп, бағып-күту үшін алдымен азығы жақсы болу керек. Балапандардың тез өсуі мен бөденелердің жұмыртқалағыштығы тек қана

азықтың құрамында қажетті: белоктар, көмірсулар, майлар, микроэлементтер мен витаминдер жақсы болған кезде байқалады. Кез келген тірі организмнің негізгі құрамы протеин (белоктар) болып келеді. Олардың ұлпалары мен ішкі ағзаларының жетілуіне белоктың септігі көп тиеді. Бөденелердің 100г азығында орташа есеппен 21% шикі протеин болу керек [5]. Жапон бөденелерін өсіру үшін сіңімді метионин аминқышқылы қолдану ұсынылған. Метиониннің техникалық қызмет көрсетуі, өсу процесі мен қарқынды даму үшін маңызды деп саналады. Метионинді өсіру кезеңінде жеткізу жыныстық жетілу мен жұмыртқаның мөлшеріне салмақты әсер етуі мүмкін. Бұл әдіс арқылы, метионин + цистинді қабылдау барысында өсіп келе жатқан фазада құстардың өміршеңдік үрдісі байқалынған [6].

Ғылыми зерттеу жұмысы «Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы» факультеті, «Аңшылықтану және балық шаруашылығы» кафедрасының маңынан құрылған вет клиникада орналасқан, тыхас және жапон бөденелеріне жүргізілді.

Жұмыстың мақсаты: Жапон, тыхас бөденелерін будандастыру арқылы алынған балапандардың өсімталдығы мен өнімдерін зерттеу.

Жұмыстың міндеттері:

- 1) Бөдененің жапон және тыхас түрлерін будандастыру;
- 2) Бөденелердің таза тұқымдарымен олардың будандарынан алынған жұмыртқаларының өлшемдерін және құрамын салыстыру;
- 3) Бөдененің жапон, тыхас түрлерінің жұмыртқаларын және будандарының жұмыртқаларын инкубациялау нәтижесін салыстыру;
- 4) Таза тұқымдардан және олардың будандарынан алынған балапандардың дамуын, өміршеңдігін, қоршаған ортаға бейімделуін зерттеу;

Жұмысқа сәйкес жапон, тыхас бөденелерін, және олардың будандарын өсіру мақсатында алғашқы тәжірибе 2016 жылы жүргізіліп, әліде жалғасын табуда. «Аңшылықтану және балық шаруашылығы» кафедрасының жабайы құстарды өсіру зертханасында орналасқан, тыхас және жапон бөденелерінің таза тұқымдары тор клеткаларға отырғызылды. Ондағы, жапон бөденесінің таза тұқымынан 3♀-5♂; тыхас бөденесінің таза тұқымынан 4♀-7♂; бас екі тор клеткаларға жіктелінді. Бөденелерді будандастыру барысында, бір тор клеткаға жапондық бөдене буданын алу мақсатында, 3 жапон қоразы♀ мен 6 тыхас мекиені♂ отырғызылды, тыхастық бөдене буданын алу мақсатында, 3 тыхас қоразымен♀ 6 жапон мекиені♂ отырғызылды.

Әдебиеттердің және өзіндік бақылаудың негізінде біз бөдене құстарына зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында олардың азықтарының құрамымен мөлшерін сонымен қатар құс ұстау бөлмесінің температурасымен ауа тазалығын, бөлме тазалығын бақылау жүргізіп отырдық. Бұл процесс бөденелердің өнімділігін арттыру мен құс ауруларының алдын алу мақсатында жүргізіледі.

Ветеринария және мал шаруашылық технологиясы факультетінің ветеринарлық клиникасында орналасқан бөденелерге жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында екі түрдегі бөдене құстарының экстерьерлері бақыланып, олардың орташа салмақтарымен дене бітімдері өлшелінді.

Кесте 1. Жергілікті популяциядағы 4-5 айлық жапондық және техастық бөдене денесінің өлшемдері (2016ж. Қараша айындағы көрсеткіш).

Атауы	Таза массасы, г.		Дене ұзындығы, см.		Мойын ұзындығы, см.		Қанаттарының ұзындығы, см.		Аяқ сүйегінің ұзындығы, см.	
	Қоразы	Мекиені	Қоразы	Мекиені	Қоразы	Мекиені	Қоразы	Мекиені	Қоразы	Мекиені
Жапондық бөдене	135,5	119,7	25,70	26,21	3,59	4,06	14,35	14,25	3,29	3,06
Техастық бөдене	142,8	123,2	24,30	25,10	3,36	4,12	14,60	14,48	3,30	3,11

Біздің зерттеу жұмысымыз бойынша жапон, техас бөденелерінің таза тұқымдарының санын арттыру үшін олардың жұмыртқаларына инкубациялық процесс жіргізілді. Мұндағы мақсат тұқымдық өндірушілерден алынған жұмыртқадан дара ерекше балапандарды шығаруға қол жеткізіледі. Инкубаторға таңдаулы іріктелген жұмыртқалар салынады, әсіресе жұмыртқаның 6 тәуліктен аспауы, пішінінің бір қалыпты болуы, салмағының қалыптылығына (орташа салмақ 10г), тазалығына, деформациясына көңіл аударылады, сонымен қатар қара пигменттері жоқ немесе қара пигменттері өте көп жұмыртқалары инкубациялауға алынбайды. Инкубатор таза және температуралық режімі үнемі 37,5°-37,2°С; ылғалдылығы 59-54% болуы тиіс.

Аңшылықтану және аң шаруашылығы кафедрасында орналасқан инкубаторға бөдене жұмыртқаларын инкубациялау барысында алынған нәтиже бойынша, жапон бөденесінің жұмыртқаларын инкубациялаудан – 12 бас; техас бөдене жұмыртқасынан – 9 бас; жапон қоразымен, техас мекиенін будандастыру барысындағы инкубациялаудан – 10 бас; техас қоразымен, жапон мекиенінің будандастыруындағы инкубациялаудан - 13 бас; балапандар алынды. Алғашқы шыққан балапандар инкубатор ішінде 2-3 сағаттай болулары керек, ол балапандардың жұмыртқадан толық шығып, денелерінің толықтай кебуі үшін қажет. Кейіннен олардың салмақтары өлшелініп, температурасы 37°-болатын, тазартылған арнайы брудер жәшігіне ауыстырылды. Алғашқы тәулігінде балапандарға азық берілмейді. Екінші күннен бастап оларға бөлме температурасына сәйкес 150 мл жылы суға, 0,5 г марганцовка қосылған, және бөдене немесе тауық жұмыртқаларын пісіріп, қабығымен бірге ұсақталған күйде берілді. Олардың өсу мерзімінің қарқынды жүруі үшін, 3-4 апталығына дейін күнделікті салмақтары өлшелініп, әр екі сағат аралығында азықтары беріліп тұрды. Осы аралықтарда шыққан балапандардың өміршеңдігі бәсеңдеп, саны азая

бастады. Осы сәттерде оларға минералды витаминдермен, аскорбин қышқылы қосылған ұнтақтар және қолдан жасалынған азықтар беріліп балапандардың өлімі тоқталынды.

Алғашқы инкубациялық процесстің нәтижесінде бөдене балапандарының бастапқы кезеңдегі өміршеңдігі әлсіз болатыны байқалынып, шыққан балапандардың тек 75% ғана толық жетіліп, 4-5 апталығында тор клеткаларға ауыстырылды.

Қазақстанда бөдене өсірудің болашағы ауылшаруашылығының бір саласы түрінде аса пайдалы шаруашылық ретінде қалыптасып, қарқынды дами алады сонымен қатар ірі шаруашылықтарда бөденелерді ұстау мен оны азықтандыру ең озық тәсілдерін енгізу, ең қиын процестерді механикаландыру мен автоматтандыру, тұқым алу жұмыстарының ұйымдастырылуы қажетті нәтиже бере алады.

Әдебиеттер тізімі

1. М.Қ. Байбатшанов. Бөдене шаруашылығы – Алматы, «Эверо» баспа орталығы, 2015 - С. 105-113.
2. Б.М. Махатов, А. Меделбеков, В.И. Абрикосова, М. Қ. Байбатшанов. Бөдене өсіру ерекшеліктері. – Алматы, «Нур-принт» баспа орталығы 2010 - С. 48-62.
3. А.Б. Таңатаров, С.Т. Дабжанова, С.М. Мырзақұлов, Р. Қадыкен. Құс шаруашылығы. – Алматы, 2008 – С. 136-156.
4. Б.Р. Әкімбеков, М.Қ. Байбатшанов, Р. Қадыкен. Ауыл шаруашылық құстарының түрлері мен кросстары. – Алматы, «Нур-принт» баспа орталығы 2009 – С. 102-119.
5. А.Б. Таңатаров, Ш.Ә. Әлпейісов, С.Т. Дабжанова. Құс шаруашылығы. – Алматы, «Агроуниверситет» баспасы, 2005 – С. 125-143.
6. HF. Mehrabadi, A. Bahonar, K. Mirzaei, A. Molouki, A. Ghalyanchilangeroudi, SA. Ghafouri, F. Tehrani, SHE. Lim. Prevalence of avian influenza (H9N2) in commercial quail, partridge, and turkey farms in Iran, «Springer, Van Godewijckstraat 30, 3311 Gz Dordrecht, Netherlands» ISSN: 0049-4747. 2008 - P. 677-682